

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының
сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартының жобасы**

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты	6 беттен 2-беті
---	---	--------------------

1-тарау. Жалпы ережелері

1. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және Қорда сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілейді.

2-тарау. Қор қызметкерлерінің мінез-құлық қағидалары

2. Қор қызметкері:

2.1. Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

1) жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етуі, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарауы, олар бойынша қажетті шаралар қабылдауы;

2) жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруын қиындататын әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеуі;

3) жеке мүліктік және мүліктік емес пайдалар алу үшін өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және онымен байланысты мүмкіндіктерді қолданбауы;

4) Қордың ішкі нормативтік құжаттарының тәртібі мен талаптарын бұлжытпай сақтауы тиіс;

2.2. Басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде (өз құзыреті шеңберінде барлық деңгейдегі басшылар):

1) қызметкерлердің лауазымдық міндеттеріне сәйкес, олардың жұмыс тәжірибесін ескере отырып, қарамағындағы қызметкерлер арасында міндеттер мен қызметтік міндеттер көлемін бөлуі;

2) қарамағындағы қызметкерлердің қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ оларға көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде бірыңғай өлшемшарттар мен объективтілікті қолдануы;

3) қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюы;

4) жақын туыстарының тікелей қарамағында болуына тыйым салу қағидатын ұстануы;

5) қарамағындағы және басқа да қызметкерлердің тарапынан Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеуі және жолын кесуі;

6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сондай-ақ қарамағындағы қызметкердің өз қызметтік міндеттерін орындауы барысында туындайтын мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі шараларды уақтылы қабылдауы;

7) қарамағындағы қызметкерлерді қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларды орындау үшін тартуға жол бермеуі;

8) мемлекеттік қызметтерге қоғамдық мониторинг жүргізу нәтижелерін қарауы және мемлекеттік қызметтер көрсету үшін қажетті рәсімдерді оңайлату, мерзімдері мен құжаттар тізбесін қысқарту бөлігінде мемлекеттік қызметтер көрсетудің бизнес-үдерістерін одан әрі оңтайландыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруы тиіс.

2.3. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау кезінде:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтауы;

2) заңды тұлғалардың заңды мүдделерінің бұзылуына жол бермеуі;

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты	6 беттен 2-беті
---	---	--------------------

3) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуі тиіс;

2.4. Зейнетақы қызметтерін, оның ішінде мемлекеттік қызметті көрсету кезінде:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зейнетақы қызметтерін, оның ішінде мемлекеттік қызметті көрсетуі;
- 2) салымшыларға/алушыларға көрсетілетін зейнетақы қызметтерінің, оның ішінде мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру бойынша тұрақты негізде шаралар қабылдауы;
- 3) салымшылардың/алушылардың зейнетақы қызметтерін, оның ішінде мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасына келіп түскен шағымдарын қарау кезінде шағымдарды қарау мерзімінің созылуына жол бермеуі, олардың нәтижелері туралы белгіленген мерзімде хабардар етуі;
- 4) салымшыларға/алушыларға зейнетақы қызметтерін, оның ішінде мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде негізсіз бас тарту жағдайларына жол бермеуі;
- 5) салымшыларға/алушыларға зейнетақы қызметтерін, оның ішінде мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі туралы қолжетімді нысанда толық және дұрыс ақпарат ұсынуы;
- 6) мемлекеттік қызметтер көрсету үшін қажетті рәсімдерді оңайлату, мерзімдері мен құжаттар тізбесін қысқарту бөлігінде зейнетақы қызметтерін көрсету үдерістерін одан әрі оңтайландыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруы тиіс.

2.5. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде:

- 1) тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу үшін пайдаланылатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсауы;
- 2) тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды жүргізу рәсіміне қатысу үшін әлеуетті жеткізушілерге тең мүмкіндіктер беруі;
- 3) тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу үдерісінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз етуі;
- 4) сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеуі тиіс.

3-тарау. Өзге де шектеулер, тыйым салулар мен талаптар

3. Қор қызметкері:

- 1) заңдылық қағидатын басшылыққа алуы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қоса алғанда, Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын қатаң сақтауы;
- 2) еңбек тәртібін бұлжытпай сақтауы, берілген өкілеттіктерді адал, бейтарап пайдалануы және өзінің қызметтік міндеттерін тиісінше атқаруы;
- 3) Қордың мүлкі мен меншігінің сақталуын қамтамасыз етуі, оны ұтымды, тиімді және тек қызметтік мақсатта ғана пайдалануы;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік танытуы;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, конфиденциалдылықты сақтауы және қызметтік сипаттағы ақпаратты, зейнетақы жинақтарының құпиясын, салымшылардың/алушылардың дербес деректерін, сондай-ақ өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін атқару кезінде тасымалдағыштардың кез келген түрінде қабылдау үшін кез келген қолжетімді нысанда Қордың қызметіне, басқаруына, қаржысына, қызметкерлеріне, технологиялық деректеріне байланысты өзге де ақпаратты, автоматтандырылған ақпараттық кіші жүйелермен (оларға кіру рұқсаты болған кезде) жұмыс істеу кезінде алынған ақпаратты қоса алғанда, үшінші тұлғаларға жария етпеуі;
- 6) мүдделер қақтығысының алдын алу және оны шешу бойынша шаралар қабылдауы;

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты	6 беттен 2-беті
---	---	--------------------

7) басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндірмеуі және ынталандырмауы;

8) Қордың позитивті имиджіне қолдау көрсетуі тиіс: «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексін және мінез-құлықтың этикалық нормаларын сақтауы, лауазымдық міндеттерді орындауы, зейнетақы қызметтерін, оның ішінде мемлекеттік қызметтерді көрсетуі және жеке және заңды тұлғалармен өзара басқа да іс-қимыл жасауы кезінде әдепті мінез-құлық танытуы тиіс.

4. Қор қызметкеріне:

1) өзінің лауазымдық өкілеттіктері мен мүмкіндіктерін пайдалануға байланысты заңсыз мүліктік игіліктер мен артықшылықтарды жеке өзі немесе делдалдар арқылы қабылдауға не мүліктік пайда алу үшін өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануға, заңды және жеке тұлғалардан немесе олардың өкілдерінен ақша, қызметтер түрінде және өзге де нысандарда кез келген сыйақыны қабылдауға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген әкімшілік және/немесе қылмыстық жауапкершілікке (сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға) әкеп соқтыратын, сыбайлас жемқорлықпен жымдасқан немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген кінәлі іс-әрекеттер жасауға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзінің жақын туыстарының (ата-аналарының, балаларының, бала асырап алушыларының, асырап алынған ұлдарының (қыздарының), ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілерінің (қарындастарының), аталарының, әжелерінің, немерелерінің) және (немесе) жұбайының (әйелінің), сондай-ақ жекжаттарының (жұбайының (әйелінің) жақын туыстарының) материалдық мүдделерін қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешу кезінде өзінің лауазымдық өкілеттіктерін пайдалануға;

4) Қорда қызметкерлерді қабылдау және мансаптық жоғарылату кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген артықшылықтар (тамыр-таныстық, отбасылық жақындық) беруге;

5) шешімдерді дайындау мен қабылдау кезінде заңды және/немесе жеке тұлғаларға құқыққа қайшы келетін артықшылықтар көрсетуге;

6) кәсіпкерлік және кіріс алумен байланысты өзге де қызметті жүзеге асыруда кімге болса да Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген кез келген жәрдемді көрсетуге;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында жеке және/немесе заңды тұлғаларға ұсынылуы көзделген ақпаратты беруден негізсіз бас тартуға, оны ұстауға, анық емес немесе толық емес ақпарат беруге;

8) жеке немесе заңды тұлғалардан Қазақстан Республикасының заңнамасында осы тұлғалардың ұсынуы көзделмеген ақпаратты талап етуге;

9) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қараудың және өз құзыретіне кіретін өзге де мәселелерді шешудің заңда белгіленген тәртібін бұзуға;

10) жоғары тұрған адамдардың лауазымдық өкілеттіктерін пайдалана отырып, мүліктік пайда, игіліктер не артықшылықтар алу үшін аталған адамдарға сыйлықтар беруге және қызметтік емес қызметтер көрсетуге;

11) жоғары тұрған немесе төмен тұрған не қызмет немесе жұмыс бабында өзгеше тәуелділікте болатын адамдармен ақшалай немесе өзге де мүліктік сипаттағы құмар ойындарға қатысуға;

12) Қордағы үшінші тұлғалардың істері бойынша өкіл болуға;

13) Қор қызметін материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарын қызметтік емес мақсаттарда пайдалануға;

14) Қордың қалыпты жұмыс істеуіне және лауазымдық міндеттерді орындауға кедергі келтіретін іс-әрекеттерге қатысуға;

<i>«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ</i>	<i>«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты</i>	<i>6 беттен 2-беті</i>
--	--	----------------------------

- 15) мемлекеттік органдардың, ұйымдардың қызметіне заңсыз араласуға;
- 16) егер мүдделер қақтығысы орын алған болса, лауазымдық міндеттерін атқаруға;
- 17) Қордың басқа қызметкерлеріне, өзге жеке және заңды тұлғаларға қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, адамдық қадір-қасиетін кемсіту, жөнсіздік, орынсыз мінез-құлық фактілеріне жол беруге тыйым салынады.

4-тарау. Қорытынды ережелер

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты Қордың барлық қызметкерлері орындауға міндетті.

6. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қордың қызметкерлері Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

7. Қор қызметкерлерінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты сақтауын бақылау Қордың тиісті құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына жүктеледі.

Басқарма Төрағасы

Ж. Курманов

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты	6 беттен 2-беті
---	---	--------------------

«БЖЗҚ» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын келісу парағы

Лауазым атауы	Аты-жөні, тегі	Қолы	Ескертпе
Басқарушы директор	Н. Сарсенова		
Заң департаментінің директоры	Н. Бактыбаев		
Қызметкерлерді басқару департаментінің директоры	Г. Джилкибаева		
Қауіпсіздік департаменті директорының м.а.	Б.Халидуллин		

Өзірлеуші:

Комплаенс және сапаны бақылау басқармасының бастығы

А. Татенов